

Психологиялық тренинг жүргізуші әрекетінің әдістемелік ерекшеліктері



Тренинг және практикалық психологияның басқа да метаәдістері

- **Тренингтің мақсаты не?** Бұл сұраққа жауап бермес бұрын жалпы практикалық психологтың мақсаты не, соған жауап іздеу керек. Психологиялық көмек көрсету, психологиялық қолдау беру, баланың оптималды дамуына жағдай туғызу, психологиялық денсаулықты қамтамасыз ету т.б. екенін білеміз

Осы аталған барлық позицияларда ортақ бір нәрсе бар. Кез-келген психологиялық жұмыстың глобалдық мақсаты (метацель) адамның дамуы және оның өміріндегі позитивті өзгерістер.

- Біріншіден, клиент қажетті (немесе қалайтын) өзгерістерді өзінше жүзеге асыру үшін жетпей тұрған психологиялық информацияны сұрауы мүмкін. Мұндағы базалық күту «Психологтар бұл туралы не ойлайтынын айтыңызшы?». Мысалы, жеткіншек психологтан сұрайды: «Соңғы кезде мен айналадағылардың бәрімен жиі ұрыса беремін, ұрыспау үшін қандай қарым-қатынас керек?». Бұл жағдайда психологтың қолданатын әдісі клиентке ақпарат беру

Екіншіден,

- клиент тек информация алу емес, сонымен қоса психолог оны тура ситуациямен қосып, бас қаша айтқанда психологиялық диагноз қойып, клиентпен бірге қажет өзгерістердің проектісін жасауды қажет етуі мүмкін. Оны жүзеге асырғанда клиент қалағаны жүзеге асады. Базалық күту: «Бұл жағдайды мен қалай дұрыс жасау керек екендігімді түсіндір». Мысалы, жеткіншекті «Адамдармен қалай нәтижелі қарым-қатынас жасауға болады?» деген жалпы емес, нақты кластастарым Арман мен Нұржанмен қалай қарым-қатынасымды дұрыстаймын деген сұрақ қызықтырады. Бұл жағдайда психологтың негізгі іс-әрекеті, қолданатын әдісі клиентке консультация беру.

Үшіншіден,

- клиент психологтан қажет өзгерістер туралы информация мен өзгерістерді жүзеге асыруға көмектесу емес, сол өзгерістерді өзі жасауын қалайды. Базалық күту: «Маған жақсы болатындай жасаңызшы, маған көмектесіңізші». Мысалы, екі адам арасындағы конфликтні шешуге психолог араласу керек. Болмаса, жанұяда балаға үнемі зорлық-зомбылық көрсетілетін болса, бұл проблемаға қажетті билік органдарын, әлеуметтік қорғау органдарын қосу. Бұл жағдайда психологтың жұмыс істеу әдісі клиент өміріне интервенция (вмешательство) болып табылады.

Және соңғысы

- клиент қандай да бір проблемадан құтылғанды емес, ары қарай бұл проблеманы өзі шешуге үйренуді қалауы мүмкін. Базалық куту: «Қазір менің қолымнан келмейтін нәрсені өзім шешуге үйретіңіз». Бұл жағдайда психолог іс-әрекетінің әдісі клиенттің қандай да бір іс-әрекетті орындауға қабілетін жаттықтыру.
- Осылайша, клиенттің сұранысына қарай (бала немесе ересек) практикалық психолог іс-әрекетінің 4 негізгі мақсатын, сәйкесінше оны жүзеге асырудың 4 жолын көрсетуге болады.
- **Психолог іс-әрекетінің метаәдістері:**
 - ақпарат беру;
 - консультация беру;
 - интервенция;
 - тренинг.

- Психолог жұмысының алғашқы үш метаәдісі клиенттің өзекті проблемаларын шешу тәсілі болып табылады. Ал тренинг, 4-ші метаәдіс оның жоғарғы үшеуінен принципіалды айырмашылығы ол қатысушылардың бар проблемаларын шешуге ғана емес, олардың болашақта пайда болуының профилактикасына да бағытталған. Проблеманы шешуді үйренуге байланысты.
- Тренингтегі маңызды момент, тренинг барысында клиент ақпарат беру, консультация, интервенцияны қолдана алады. Тек бұл әдістер негізгі болып кетпесе болды. Әйтпесе, ол тренингтік қасиетінен айрылады.

Топтық тренердің тұлғалық ерекшелігінің сипаттамасы.

- Тренингтік топ жұмысының жетістіктері қолданылатын психотехника жүйесімен ең бірінші анықталады.
- Гуманистік позиция мыадыан тұрады: эипатия, шыңайылық, топ мүшелерімен жетекші арасыдағы жылы өзара қарым –қатынастар атмосферасы қалыптастыру ақылы тренингтік топта дамытушы және сауықтырушы эффект пайда болады. Бақытты болуға күштеу мүмкін емес, тұлғаға қатысты тұлғалық дамуды сырттай жасау мүмкін емес.